

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ



Бекітемін  
Ректор, PhD, Д.Б. Досманбетов

2023 ж

Ғылыми Кеңесте қаралып, мақұлданды  
Хаттама № 7а « 16 » 07 2023 ж.

Қызылорда «Болашақ» университетінің лауазымдық  
қызметтеріне конкурстық орналасу

ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2023 жыл

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер .....	1- бет
2. Нормативтік сілтемелер .....	2-бет
3. Конкурстық комиссияны қалыптастыру .....	2-бет
4. Конкурс туралы хабарландыру .....	3-бет
5. Конкурса қатысушылар құжаттарын қабылдау және қарау .....	3-бет
6. Конкурсты өткізу тәртібі .....	6 бет
7. Шағымдану тәртібі .....	6-бет
8. Қосымша -1.....	7-бет
9. Қосымша -2.....	8 -бет

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже конкурстық негізде іріктеудің және жұмыс беруші мен университет қызметкері арасында еңбек шартын жасау тәртібін, шарттарын айқындайды.

1.2. Ереже университеттің штаттық кестесінде көрсетілген профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі–ПОҚ) және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына конкурстық орналасуына қолданылады.

1.3. Университеттің ПОҚ мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдық қызметтеріне: профессор, доцент (қауымдастырылған профессор), аға оқытушы және оқытушы жатады.

1.4. Әкімшілік-басқарушы персоналына қойылатын талаптар:

- ғылыми немесе академиялық дәрежесінің болуы;
- ғылыми атағы: құпталады, бірақ міндетті емес;
- тілдерді білу (мемлекеттік – міндетті, орыс , ағылшын – құпталады);
- академиялық қызметті реттейтін ҚР БҒМ нормативтік-құқықтық актілерін білу;
- компьютерде жұмыс істеу дағдылары;
- Platonus, НОБД, ЕСУВО және т. б. автоматтандырылған ақпараттық жүйелермен жұмыс тәжірибесі;
- ғылыми - педагогикалық жұмыс өтілі;
- басшылық қызметте тәжірибесінің болуы.

1.5. ПОҚ қойылатын талаптар:

- ғылыми немесе академиялық дәрежесінің болуы;
- ғылыми атағы: құпталады;
- ғылыми білім беру мекемелеріндегі жұмыс тәжірибесі;
- оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектері;
- ғылыми зерттеулерге және/немесе халықаралық жобаларға қатысуы;
- жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар;
- шығармашылық сипаттағы ББ бағдарламалары бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын кафедраларда («Спорт және дене шынықтыру», «АӘД», «Музыкалық білім», «Хореография» мамандықтары) «Еңбек сіңірген», «Құрметті» және ҚР Мемлекеттік наградалары бар, подполковниктен төмен емес әскери атағы, спорт шебері, спорт және өнер бойынша континентальдық және әлемдік ресми біріншіліктердің жеңімпаздары және т.б. ҚР ресми танылған атақтары бар маман аталған лауазымға үміткер бола алады. Жоғарыда аталған атақтардың иегерлері «қауымдастырылған профессор» ғылыми атағына теңестіріледі;
- университеттің қызметтік нұсқаулықтарына сәйкес келетін үміткерлер қатыстырылады.

## 2. Нормативтік сілтемелер

Осы ереже төмендегі нормативтік құқықтық құжаттар негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығының - Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының тармақтары;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ЗРК Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы.

### **3. Конкурстық комиссияны қалыптастыру**

3.1. ПОҚ мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына орналасуына байланысты конкурс комиссияларының (бұдан әрі – конкурстық комиссия) саны мен дербес құрамын, оның өкілеттік мерзімін Ғылыми кеңестің шешімімен университет ректоры бекітеді.

3.2. Университеттің конкурстық комиссиясы келесі құрамда жасақталады:

- Конкурстық комиссияның төрағасы – «Қызылорда «Болашақ» университетінің ректоры;
- Конкурстық комиссия төрағасының орынбасары – университет ректорының орынбасары (проректор) немесе университеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы;
- Конкурстық комиссияның хатшысы – HR менеджер;
- Конкурстық комиссияның мүшелері (университет ректорының орынбасары (проректор) немесе университеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы).

3.3. Конкурстық комиссиялар жұмысының негізгі міндеттері:

- Конкурсқа қатысу үшін барлық үміткерлерге тең мүмкіндік беру;
- Конкурсқа қатысушылар арасында шынайы бәсекелестік болуын қамтамасыз ету;
- Конкурстың объективті, ашық түрде өтуін бақылауды жүзеге асыру;
- Конкурстық комиссия отырыстарының кестесін айқындау;
- Конкурстық құжаттамаларға талдау жүргізу;
- Конкурс қорытындысы бойынша шешім шығару.

### **4. Конкурс туралы хабарландыру**

4.1. Университет мамандар қажеттілігіне байланысты Университет сайтында, басқа да интернет ресурстарда лауазымдық қызметтерге орналасу жөнінде конкурс жариялайды.

4.2. Конкурс өткізу туралы хабарлама төмендегі мәліметтерді қамтиды:

- бос қызметтің аталуы;
- орналасу мекен-жайы, поштасы, байланыс телефон номерлері көрсетілген жоғары оқу орнының аталуы;
- құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні мен уақыты;
- конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар.

4.3. Бос лауазымдар конкурсына қатысуға өтініш хабарландыру жарияланған күннен бастап 12 күнтізбелік күн ішінде тапсырылады.

#### **5. Конкурса қатысушылар құжаттарын қабылдау және қарау**

5.1. ПОҚ-ның бос қызметтеріне орналасу үшін конкурса қатысатын үміткер Қызылорда Болашақ университеті ректорының атына өтініш жазады (еркін формада).

##### **Өтінішке қоса мынадай құжаттардың көшірмелері тапсырылады:**

- 1) Жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі;
  - 2) Кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс-парағы;
  - 3) Өмірбаяны;
  - 4) Жоғары білім, академиялық және ғылыми дәрежесі туралы дипломдардың көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжат және салыстыру үшін түпнұсқалар;
  - 5) Қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болған жағдайда) және салыстыру үшін түпнұсқалар;
  - 6) Жеке медициналық кітапша;
  - 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша конкурса үміткердің қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы немесе болмауы жайлы анықтамасы.
- 5.2. Тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбау, өтінішті қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.
- 5.3. Конкурса қатысушы үміткер өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдармен және т.б. таныстыруға құқылы.
- 5.4. Конкурса қатысуға өтінішті үміткер университеттің HR менеджеріне тапсырады және оған ректор бұрыштама қояды.
- 5.5. Конкурстық құжаттар мен ректордың қолы қойылған үміткердің өтініші тиісті кафедраға жіберіледі.
- 5.6. Төтенше жағдай, карантин және өзге де шектеулер қолданылатын кезеңде конкурса қатысу үшін құжаттар электрондық түрде қабылданады.

#### **6. Конкурсты өткізу тәртібі**

6.1. Университет:

- конкурсты өткізу туралы шешім қабылдайды;
- конкурс өткізу мерзімі мен орнын анықтайды;
- конкурса қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдайды, тіркейді;
- комиссия отырысын ұйымдастырады.

6.2. Университеттің бос лауазымдарына конкурс үміткерлерінің жұмыс қорытындыларын талдау негізінде әңгімелесу, мамандық бойынша жетістіктері бар практикалық жұмыс тәжірибесі, авторлық әзірлемелер немесе басқа да нысанында өткізіледі. Осы тұста үміткерлердің кәсіби деңгейін анықтау мақсатында білімдері де тексеріледі.

6.3. Әңгімелесудің мақсаты – конкурс жарияланған бос қызметтік орынға үміткерлердің кәсіби және тұлғалық қасиеттеріне баға беру болып табылады.

6.4. Талқылау барысы және қабылданған шешім конкурстық комиссияның барлық мүшелері мен хатшысы қол қойған хаттама түрінде рәсімделеді.

6.5. Комиссия хатшысы конкурс нәтижелерімен және конкурстық комиссияның ұсынымдарымен қатысқан барлық тұлғаларды таныстырады.

6.6. ПОҚ және ғылыми қызметкерлер лауазымдарына орналасу конкурсының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты жасалады.

6.7. Бос қызметтік орынға үміткер орналаспаған немесе жалғыз үміткер болған жағдайда конкурс қайта жарияланады.

6.8. Оқу процесін қамтамасыз ету мақсатында шешім тағайындалғанға дейін бос қызметтерге уақытша міндетін атқарушы ретінде оқытушыларды жұмысқа қабылдауға болады.

#### **7. Шағым жасау тәртібі**

7.1. Конкурсқа қатысушы үміткерлер конкурстық құжаттармен және комиссия шешімімен таныса алады.

7.2. Конкурсқа қатысушы үміткерлер қолданыстағы заңнамаға сәйкес өтініш беру арқылы комиссия шешіміне шағым жасауға құқылы.

**ДАЙЫНДАҒАН:**

HR менеджер



Г.С.Каденова

**КЕЛІСІЛДІ:**

Академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор



Г.Ж.Снасапова

Шаруашылық жұмыстары және ақпараттық технологиялар жөніндегі проректор



Б.Д.Зейтенов

Білім беру бағдарламалары бөлімінің басшысы



А.У.Тулербегенова

Академиялық мәселелер жөніндегі басқарманың басшысы



А.К.Мырзанова

Ішкі сапаны қамтамасыз ету және стратегиялық талдау бөлімі басшысы



А.М.Төлегенова

«Бизнес, техника және технология» жоғары мектебінің деканы



М.А.Ембергенов

«Білім беру және педагогика» жоғары мектебінің деканы

Д.Ж.Серкебаев

№ \_\_\_\_\_ хаттама  
Қызылорда «Болашақ» университеті ЖШС-нің  
қызметкерлерді жұмысқа қабылдау туралы конкурстық комиссия отырысы

Қатысқандар:

Конкурстық комиссия төрағасы \_\_\_\_\_  
(қызметі мен аты-жөні)

Конкурстық комиссия төрағасының орынбасары \_\_\_\_\_  
(қызметі мен аты-жөні)

Хатшы \_\_\_\_\_  
(қызметі мен аты-жөні)

Конкурстық комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_ (қызметі мен аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (қызметі мен аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (қызметі мен аты-жөні)

Ортақ шешім қабылдау қворумы.

Күн тәртібінде:

1. Оқытушылық педагогикалық қызметке қатысты, педагогикалық қызметкерлікке үміткердің конкурстық құжаттарын талқылау, ғылыми-білім беру құрылымдық бөлімшесі \_\_\_\_\_

2. Оқытушылық педагогикалық қызметке қатысты, педагогикалық қызметкерлікке үміткердің конкурстық құжаттарын талқылау, ғылыми-білім беру құрылымдық бөлімшесі \_\_\_\_\_

Тыңдалды:

Конкурстық комиссия хатшысы \_\_\_\_\_  
(қызметі мен аты-жөні)

Оқытушылық педагогикалық қызметке қатысты, педагогикалық қызметкерлікке үміткердің конкурстық құжаттарын талқылау, ғылыми-білім беру құрылымдық бөлімшесі \_\_\_\_\_

### ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ғылыми-білім беру құрылымдық бөлімшесі							
Үміткердің аты-жөні	Атқаратын қызметі, жүктемесі, жұмыс түрі	Лауазымды таңдау бойынша конкурспен ауыстырылады	Дауыс беру нәтижесі			Қабылда нған шешім	Ұсыныл атын мерзім
			Келі семін	Қарс ымын	Қалыс қал дым		



*Қосымша -2*

Қызылорда «Болашақ» университетінің ректоры  
PhD, Д.Б. Досманбетов

\_\_\_\_\_ (кімнен: аты-жөні толық жазылу керек)  
\_\_\_\_\_

Мекен жайы: \_\_\_\_\_

Телефоны: \_\_\_\_\_

**Өтініш**

Мені 20 \_\_\_\_\_ оқу жылына \_\_\_\_\_

*(құрылымдық бөлімше: жоғары мектеп/ кафедра атауы)*

бойынша \_\_\_\_\_

*(декан, кафедра меңгерушісі/ профессор, қауымдастырылған профессор, аға оқытушы, оқытушы)*

лауазымына орналасу үшін конкурсқа қатысуыма рұқсат етуіңізді сұраймын.

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ЖЫЛ

\_\_\_\_\_  
*(қолтаңба)*